

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 290 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 қазанда № 5106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № 165 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 09.06.2015 № 165 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Т. Даиров

Ә к і м д і к т і ң

2014 жылғы 25 қыркүйектегі

№ 290 қаулысымен бекітілген

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Науырзым ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизацияндық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны;

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

$Ж_n$ – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.